

ӘОЖ 81'25

ҒТАХР 16.31.41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.003>

БІР БУЫНДЫ ТҮБІР-НЕГІЗДЕРДІҢ ЕТІСТІК-ЕСІМ ОМОНИМИЯСЫ

Аязбаева Ә. М.¹, *Алдабердіқызы А.², Есенова Н. Б.³, Верба Е. А.⁴

^{1, *2, 4} Астана ІТ Университет, Астана, Қазақстан

³ М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институты
Тараз, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада тіл білімінің өзекті мәселелеріне жататын етістік-есім омонимиясы ағылшын тіліндегі бір буынды сөздердің негізінде қарастырылған. Әртүрлі тілдердің жүйесіндегі есім мен етістіктің арақатынасы тіл онтологиясының мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, ғылыми айналымнан түспей, терең әрі жан-жақты зерттеуді талап етеді. Бұл құбылыстың пайда болуы туралы зерттеулердің әралуандығы мен пікірлердің бірізді болмауы омонимия құбылысының табиғатын күрделі деп тануға, әрі сөз түбірін тануда етістік-есім омонимиясын тарихи лингвистиканың маңызды мәселелерінің қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Мақалада үнді-еуропа тілдерінің, атап айтқанда ағылшын тіліндегі сөздердің дамуының теориялық негіздері қарастырылып, осы бағыттағы лингвист ғалымдардың зерттеулері сараланған. Сөз түбірі сөздің қай сөз табына жататынын анықтайтын негіз болғандықтан, омонимия құбылысын бір буынды сөздердің негізінде жан-жақты зерттеуге болады. Мақалада омонимия мәселесі бір буынды түбір-негіздердің мысалдары арқылы талданып, осы сөздердің этимологиясы мен даму тарихы қарастырылған. Сонымен қатар лингвист ғалымдардың әртүрлі тілдік жүйелерді зерттеу негізінде ең алдымен есім сөздердің, одан кейін етістіктің пайда болғаны туралы көзқарастары мен тұжырымдары талданып, зерделенген. Мақалада етістік-есім омонимиясының ағылшын тілінің сөзжасамындағы тәсілдері сипатталып, үнді-еуропа тілдеріндегі омонимия құбылысын дискриптивті (сипаттамалы) және компаративистикалық (салыстырмалы) талдау негізінде бұрын-соңды қарастырылмаған осы мәселені зерттеудің өзектілігі талқыланған.

Тірек сөздер: омонимия, ағылшын тілі, етістік-есім омонимиясы, түбір, негіз, бір буынды сөздер, түркі тілдері, үнді-еуропа тілдері

Кіріспе

Тіл білімінде жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі мәселелердің бірі – етістік-есім омонимиясы. Ғалымдардың осы бағыттағы зерттеулеріне зер салсақ, бірқатар еңбектер омонимдердің табиғатын тануға, шығу тегі

мен мағыналық дамуын анықтауға, олардың жіктелуі мен жасалу жолдарын айқындауға, сонымен қатар омонимдер мен көпмағыналы сөздердің ара жігін ажыратуға арналған. Зерттеу еңбектерінде етістік-есім омонимиясы мәселесі жалпылама қарастырылып келгенін анықтай келе, бұл мәселені тереңірек зерттеп-зерделеудің өзекті екенін айтуға болады.

Тілдердегі есімдер мен етістіктің арақатынасы мәселесі тіл онтологиясының мәселелерімен тығыз байланысты болғандықтан, қай кезде де ғылыми айналымнан түспей, лингвист ғалымдардың назарын аударып келеді. Бірқатар ғалымдардың тұжырымдарына сай, сөздің негіз-түбірі етістіктің бұйрық рай формасы мен зат есімнің вокативті формасы немесе атау септігіне сай келеді [1, 106; 2, 5]. Осы негіз-түбірлердің бір-бірімен омоним түзу құбылысына қатысты ғалымдар пікірінің бірізді болмауы бұл мәселеге тереңірек үңілу арқылы тарихи лингвистиканың өзекті мәселелерін қозғап, омонимия құбылысының күрделі табиғатын тануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада етістік-есім омонимиясы мәселесін әртүрлі тілдер жүйесіндегі есімдер мен етістіктердің арақатынасын салыстыру арқылы зерттеудің өзектілігін көрсетуге баса назар аударылды. Осыған сай дискриптивті, яғни сипаттамалық талдау әдісі қолданылды. Етістік-есім омонимиясын бір буынды сөздердің мысалында зерттеу тиімді, өйткені сөздің түбірі – «сөзді қай сөз табына жатқызуға болатынын анықтайтын негіз» [3, 132]. Сонымен қатар, Куцегалинова мен Исмагулованың пайымдауынша етістіктері құрылымдық-семантикалық орталық бола отырып, көбінесе басқа біреудің сөзі авторының сөйлеу әрекетінің тәсілі мен сипатын береді, сөйтіп метамәтіндік қызметті жүзеге асырады [4].

Нәтижелер мен талқылау

Біршама уақыттан бері көптеген тілдердің жүйесінде етістіктер мен есімдердің негізгі формаларының сәйкес келетіні анықталған. Десе де бұл мәселе түбір сөздің белгілі бір сөз табына жататыны және сол сөз табының сипатына сай келетіні кейінгі зерттеулерде ғана бой көрсете бастаған.

Зерттеуші ғалым Г.И. Рамстедт үнді-еуропа тілдерінде, оның ішінде ағылшын тіліндегі кейбір атаулар мен етістіктердің сөзжасамдық конверсиямен сәйкестігін салыстыра зерттеген. Алайда, «конверсия» термині түркі тілдеріндегі етістік-есім омонимиясының барлық ерекшелігін толыққанды көрсете алмайды [2, 6].

Сөзжасамдық конверсия тәсіліне сай, етістіктер көп жағдайда зат есімдердің негіздерінен, кейбірі сын есімдердің негіздерінен және жекелеген жағдайларда үстеулерден, жалғаулардан және шылаулардан жасалады.

Ғалым К. Гренбек түркі тілдеріндегі етістік-есім омонимиясы құбылысын алғашында әртүрлі негіздердің кездейсоқ сәйкес келуінен

пайда болған деп есептеді [5, 19]. Г.И. Рамстедтің де пікірі К. Гренбектің тұжырымына сай келеді. Бұл ғалым да етістік пен есім негіздерінің сәйкес келуін ежелдегі кездейсоқ құбылыс деп танып, етістіктің есім сөзден артықшылығын байқай алмағанын түсіндіріп жазады [4, 172-173].

Ағылшын тілінде етістік-есім омонимиясының қатарын түзетін сөздердің көптеген тобы бар, мысалы:

call (v) – 1) айқайлау, 2) құлау, 3) қоңырау шалу

(n) – 1) қоңырау, шақыру, 2) сапар (қысқа)

cull (v) – 1) таңдау, 2) гүл жинау

(n) – 1) жарамсыз мал, 2) қоқыс-қалдықтар (амер.)

cry (v) – 1) айқайлау, 2) хабарлау

(n) – 1) жылау, ұран

hack (v) – 1) ұсақтау, 2) кетпенмен қопсыту

(n) – 1) кесу, 2) кетпен

loop (v) – 1) ілмек жасау

(n) – 1) цикл, 2) аудандық теміржол

eye (v) – 1) қарау, бақылау

(n) – 1) көз, көздің жанары, көру қабілеті

knee (v) – 1) тіземен соғу, 2) тізе бүгу

(n) – 1) тізе, 2) тірек

fate (v) – 1) алдын ала анықтау

(n) – 1) өлім-жітім, 2) тағдыр және т. б.

Ағылшын тіліндегі етістік-есім омонимиясы құбылысы мен оның ерекшеліктерін Э. Бенвенист, И.П. Иванова және Л.П. Чахоян сияқты ғалымдар жан-жақты зерттеген [7; 8]. Бірқатар ғалымдардың зерттеу еңбектерінде ағылшын тілі тарихының орта кезеңінің аяғында етістіктердің, зат есімдердің және сын есімдердің құрылымы өзгергені, атап айтқанда, сөз соңында келетін дауысты дыбыстардың түсіп қалуы, яғни редукция құбылысы және сөз негіздерінің жалаңдану құбылысы орын алғаны, нәтижесінде бұл әртүрлі сөз таптарына жататын сөздердің негіздерінің түр-тұлғасы жағынан сәйкесуіне әкелгені айтылған [8; 9]. Ғалым Г.И. Рамстедтің зерттеулеріндегідей, басқа зерттеушілер де бұл құбылысты конверсиямен (сөздің бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысуымен) байланыстырып, сөзжасамның жаңа тәсілі ретінде қарастырады [8, 111; 10].

Ағылшын тіліндегі конверсияның сөзжасамдық сипатына алғашқылардың бірі болып назар аударған А.И. Смирницкийдің зерттеулері [11, 167] осы құбылысқа басқа да ғалымдардың назарын аудартты. Кейінірек В. Шмальштиг [12], И. А. Стернин [13] және т. б. герман тілдеріндегі омонимия мен оған байланысты басқа да мәселелерді зерттеді.

Тіл білімінде бірінші болып есім сөздердің қалыптасқанына немесе етістіктердің қалыптасқанына қатысты мәселеге келгенде, көптеген лингвист ғалымдардың тұжырымы бойынша, ағылшын тіліндегі етістіктер

есім сөздердің негізінде қалыптасып, пайда болған [12; 14].

Э. Бенвенистің айтуы бойынша, етістік формаларына қарағанда есім формаларының аясы әлдеқайда кең, өйткені үнді-еуропа тілдері түбірдің (түбір есім) өзінен бастап, қосымшалар арқылы сан алуан есім сөздерді тудыру мүмкіндіктеріне бай болды [7, 202]. Ғалымның зерттеулерінде үнді-еуропа тілдеріндегі есім сөздердің жасалу жолдары мен мағыналық топтары туралы да талдаулар қамтылған.

Етістіктердің негіздеріне келер болсақ, олардың сөз тудыру мүмкіндіктері шектеулі, себебі етістіктерге ең көбі бір жұрнақ немесе бір ғана жалғау жалғанады. Бұл айырмашылық екі жұрнақтың жалғануынан пайда болған сөздердің түбірін табу барысында айқындалды, яғни түбір сөзге ешқандай қосымша жалғанбаған кезде, сөзді нөлдік формада деп есептеуге болады. Осыған сай, «етістік негізінің нөлдік формасы болмайды». Бұдан шығатын қорытынды: «сөз негізі есім сөзге де, етістікке де жатпайды» [7, 203].

Етістіктің есімнен шыққаны туралы пайым ойға қонымды және бұрыннан белгілі. Өйткені бұл туралы көптеген ғалымдар жазған болатын. Мысалы, Б. Коллиндер: «Орал тілдерінің типтік етістік формалары әуел баста есім сөздердің синтагма-құрылымдары болған, олардың қатарына бірінші және екінші жақтағы етістіктенген есімдер мен есімдіктер кіреді» [15, 243], – деп жазды. Ғалымдардың пайымдақынша, сөз тудырудың шебері саналатын есімдерден етістіктер туындаған. Оған тілі жаңа шыққан балалар мен сөйлеу дағдысы жетілмеген адамдардың сөздік қорында етістікке қарағанда есім сөздердің едәуір көп кездесетіні және есім сөздердің тілдің ертеректе пайда болған тіл қабатына жататыны дәлел бола алады. Көптеген ғалымдар лексиконның, яғни сөздік қордың өзегі туралы зерттеу жұмысында филогенезде де, онтогенезде де сөйлеуді дамыту мәселелерін қарастыра отырып, етістіктерден бұрын есімдердің пайда болғаны туралы көзқарасты жақтайды.

Алтай тілдерінде кейбір етістік формаларының есім сөздерден туындаған жағдайлары кездеседі. Ғалымдар етістік предикат қызметін атқарып тұрса да, үнді-еуропа немесе семит тілдеріндегі жеке етістік формаларына сай келмейтінін атап өтеді [17, 195-196].

В.Д. Аракин [9] ағылшын тілінің даму тарихының жаңа кезеңіндегі сөзжасам тәсілдеріне бірнеше мысал келтіреді және бұл кезеңде ағылшын тілінің сөздік қорының зат есімдерден туындаған етістіктердің көптеп пайда болуының нәтижесінде айтарлықтай толықтырылғанын атап өтеді, мысалы:

негізгі сөз	туынды сөз
a bomb – бомба	to bomb – бомба тастау
a camp – лагерь	to camp – лагерьде тұру
a head – бас	to head – басшылық ету
a mine – тау-кен	to mine – қазу

Ағылшын тілінде етістіктерден зат есімдерді түзу арқылы да тілдің сөздік қорын толықтырған сөздерге де мысалдарды көптеп келтіруге болады:

негізгі сөз	туынды сөз
to bend – иілу	a bend – иілім
to bow – тағзым ету	a bow – тағзым
to bite – тістеу	a bite – тістек
to help – көмектесу	a help – көмек
to stop – тоқтату	a stop – аялдама
to talk – сөйлесу	a talk – әңгіме

Түркі тілдерінде, атап айтқанда, қазақ тілінде де алғашқы болып есім сөздердің, яки етістіктің пайда болғаны турасындағы мәселе бүгінге дейін күрмеуі шешілмеген өзекті мәселенің қатарында қалып отырғаны белгілі.

В. Ганг өз зерттеулерінде түркі тілдеріндегі сөздердің ең бастапқыдағы түбірі субстантив, яғни зат есімнен туындаған деген қорытындыға келеді. Ж. Дени де түркі тілдерінің грамматикалық құрылымында есім сөздердің орны айрықша екенін және есімдердің басым екенін дәйектейді.

«Алайда түркі тілдеріндегі бірқатар сөз формаларын морфемаларға бөлу барысында бірін-бірі жоққа шығаратын, қарама-қайшы грамматикалық жағдайларды анықтауға мүмкіндік берді. Соған қарағанда, екі тұжырым да (сөз таптарының даму барысында есімнің не етістіктің алғаш пайда болуы туралы) жеке дара қарастырғанда дұрыс емес, ал олардың бірлігін ескергенде дұрыс тәрізді; осы бір-бірін жоққа шығаратын құбылыстардың барлығы не етістік, не есім екені белгісіз сөз түбірінің синкретті болуының салдарынан пайда болған» [2, 14].

Н.А. Баскаков [3], Е.З. Қажыбеков [2] сияқты бірқатар ғалымдар сөз негіздерін дәстүрлі түрде есімді негіз және етістікті негіз деп бөлуді түркі тілдерінің қазіргі жағдайына ғана қатысты болуы мүмкін деп есептейді. Ал «барлық сөздер бір ғана сөз табына жатады деп есептелген тілдің қалыптасуы кезеңінде, яғни сана деңгейінде субъект пен объекті, заттың атауы мен іс-қимылды ажыратудың еш маңызы болмады, өйткені сөз таптарының ара жігін ажыратуға деген немқұрайдылық сөздерді сөз таптарына жіктеуге болатындай мазмұнның, яғни сөз табының белгілерін бойына сіңірген мағыналы сөздердің жеткілікті болмауынан туындаған» деген пікірдің ескірген көзқарас екенін көрсетеді [2, 29-30].

Түркітанушы ғалымдар Н.К. Дмитриев, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, Э.Н. Наджип, Б.М. Юнусалиев, И.А. Батманов, А.М. Щербак, К.М. Мусаев, Ә.Т. Қайдаров, әсіресе Э.В. Севортянның етістік-есім омонимиясы мәселесі бойынша еңбектері түркі тілдеріндегі бұл құбылысты түсіндірудің жаңа кезеңінің басталуына түрткі болды. Е. Қажыбеков түркі тілдеріндегі бұл мәселені іргелі практикалық және теориялық материалдардың негізінде арнайы монографиялық зерттеу жүргізу арқылы жан-жақты қарастырды [2].

Түркі тілдеріндегі (алтай тілдеріндегі) және үнді-еуропа тілдеріндегі етістіктер мен есімдердің омонимдер түзуі құбылысының ұқсас екеніне қарамастан, олардың едәуір айырмашылықтары бар. Егер ағылшын тілінде омонимия құбылысына мысал бола алатын сөз түбірлері кейінгі ғасырларда пайда болса, түркі тілдерінде синкретті түбірлер тілдердің жалпы түркі тілдеріне ортақ заңдылықтардың дамуы кезеңінде пайда болған. Кейбір үнді-еуропа тілдерінде осыған ұқсас құбылыстың қалыптасуы мен дамуы сөзжасамның осы әдісінің теориялық мүмкіндігі мен практикалық қажеттілігін, оның тіл білімінде алатын орнының бар екенін көрсетеді.

Қазақ тілінен етістік-есім омонимиясы мәселесіне байланысты көптеген мысалдарды кездестіруге болады:

айт (е.) – 1) айту, сөйлеу

(з.е.) – 1) мұсылмандар мерекесі

ақ (прил.) – 1) ақ түс

(е.) – 1) ағу, ағып өту

бар (з.е.) – 1) болмыс, бар болу

(е.) – 1) бару, жүру; 2) болу, зиарат ету

бас (з.е.) – 1) дене мүшесі, 2) басшы, бастаушы, 3) бастама

(с.е.) – 1) бастапқы

(е.) – 1) аяқпен басу, қадам жасау, 2) күштеп басу, нығыздау

бу (з.е.) – 1) булану, бу

(е.) – 1) байлау, буу

жар (з.е.) – 1) құз, жартас, 2) жар салу, хабарлама айту, 3) қабырға, шекара

(е.) – 1) жару, бөлу, 2) қақ жару, 3) еріну

құрт (з.е.) – 1) жәндік, 2) кепкен сүт өнімі

(е.) – 1) көзін құрту, жою

құс (з.е.) – 1) ұшатын құс

(е.) – 1) жұлу, құсу және т. б.

Ғалым Е.З. Қажыбеков түркі тілдеріндегі 500-ден аса синкретті түбір-негіздерді етістік-есім омонимиясының мысалында бөліп көрсеткен [2, 246].

Мұндай сөздердің тарихи тамыры жекелеген түркі тілдеріне қатысты еңбектерде, жалпы түркі тілдерінің немесе жекелеген түркі тілдеріндегі

сөздердің этимологиялық және тарихи сөздіктерінде, сондай-ақ типологиялық зерттеулерде ескеріліп, зерделенген. Мысалы, бәй – «бай», «баю», дад – «дәм», «дәм тату», ан – «сана, ой», «есте сақтау», кам – «қатар, қабат», «бүктеу», тўн – «кеш, түн», «қараңғы түсу, түн бату» және т. б. жалпытүркілік бір буынды жаңғырған сөздер етістік-есім негізі ретінде қызмет атқарады.

Е.З. Қажыбеков [2] орыс сөздерін мүлдем танымаймын дегеннің өзінде, орыс сөздігін бір шолып шығар болсақ, түркі етістік-есім корреляциясына ұқсас (аз болса да) мысалдарды байқауға болатынын атап өтеді. Дәл осындай құбылысты ағылшын тілінің сөздіктерінен де аңғаруға болады.

Етістік пен есім негіздердің толық сәйкестігіне мысал ретінде мынадай сөздерді келтіруге болады: (орыс) вой ↔ вой, лай ↔ лай; (қазақ) тат (тату, дәм) ↔ тат (дәм тату), нан (нан) ↔ нан (сену, нану); (ағылшын) arm (қол) ↔ arm (қарулану), own (жеке) ↔ own (иемдену).

Қорытынды

Қорытындылай келе, түркі тіл білімінде жан-жақты зерттелген етістік-есім омонимиясы мәселесі герман және жалпы үнді-еуропа тілдерінің материалдары негізінде әлі де толықтай ғылыми айналымға еніп, зерттелмеген өзекті мәселелер қатарында екеніне баса назар аудартқымыз келеді. Етістік-есім омонимиясы көп тілдерде өте кең таралған құбылыс қана емес, есім мен етістік феномендерінің мәнін түсінуге, тарихи тамырларына үңілуге қажет маңызды тілдік материал болатыны сөзсіз.

Мәселен, семит тілдерінде мынадай құбылыс байқалады: есімдер мен етістіктердің ортақ ерекшелігі – олардың көпшілігі етістікке де, есімге де жатпайтын белгісіз және жалпылама негізгі мағынасы бірдей негіздерден шыққаны. Бұл құбылысты моносиллабтар, яғни бір буынды сөздердің деңгейінде зерттеу – етістік-есім омонимиясы мәселелерін кейінгі кезеңде, атап айтқанда көп буынды сөздер деңгейінде зерттеудің алғышарты болмақ.

Етістік-есім омонимиясы мәселесі бойынша алдын-ала қорытынды жасай отырып, мыналарды ерекше атап өтуге болады: есім және етістік негіздерін дәстүрлі түрде ажырату тек түркі (және герман) тілдерінің қазіргі жағдайына ғана қатысты болуы мүмкін. Қазіргі уақытта осы уақытқа дейін белгілі болып келген аффиксті сөзжасам тәсілімен қатар, кейінгі уақытта сөзжасамның өзгеше тәсілі – түбірлік етістік-есім омонимиясы құбылысы қатар қолданылған және бұл құбылыс грамматика саласындағы сөз таптарының (есімдер мен етістіктердің) синкретизмімен сәйкес келеді [2, 45].

ӘДЕБИЕТ

- [1] Леонтьев А. А. Возникновение и первоначальное развитие языка: монография. – М.: Изд-во Академии Наук СССР, 1963. – 140 с.
- [2] Кажибеков Е. З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках: (явление синкретизма). – Алма-Ата: Из-во Наука, 1986. – 272с.
- [3] Баскаков Н. А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. – М.: Наука, 1979. – 274 с.
- [4] Куцегалинова А.К., Исмағұлова Б.Х. Метатекстовая функция глаголов речи в художественном тексте (на примере казахского, английского и русского языков) // Вестник КазУМОиМЯ имени Абылай хана. – 2023. – № 2 (69). – С.121-141.
- [5] Grönbech K. Der türkische Sprachbau. t. 1. – Kopenhagen, 1936. – 182 p.
- [6] Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание: Морфология. – М., 1957. – 120 с.
- [7] Бенвенист Э. Индоевропейское именное словообразование. – М.: Изд-во иностранной литературы, 1955. – 258 с.
- [8] Иванова И. П., Чахоян Л. П. История английского языка. – М.: Высшая школа, 1976. – 319 с.
- [9] Аракин В. Д. История английского языка: учеб. пособие. – М. : ФИЗМАТЛИТ, 2003. – 272 с.
- [10] Резник Р. В., Сорокина Т. А., Резник И. В. A History of the English Language. История английского языка: учеб. пособие [Текст]. – М.: Флинта: Наука, 2003. – 496 с.
- [11] Смирницкий А. И. Древнеанглийский язык. – М., 1955. – 318 с.
- [12] Шмальштиг В. Морфология глагола // В сб. Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 21. – М.: Прогресс, 1988. – С. 262-330.
- [13] Стернин И. А. Основы теории языка и коммуникации. Учебное пособие. – М.: Флинта, 2010. – 149 с. <http://sterninia.ru/index.php/studentami-aspirantam/item/445-osnovy-yazykoznanija>
- [14] Кручинкина Н. Д. Лексико-семантический и функционально-семантический потенциал существительного // Научный результат. Вопросы теоретической и прикладной лингвистики. – 2017. – №3 (13). – С. 22-33.
- [15] Collinder B. Comparative Grammar of the Uralic Languages [Text]. – Stockholm: Almqvist and Wiksell, 1960. – 416 p.

REFERENCES

- [1] Leont'yev A. A. Vozniknoveniye i pervonachal'noye razvitiye yazyka [The emergence and initial development of language]. – M., 1963. – 140 s. [in Rus.]
- [2] Kazhibekov Ye. Z. Glagol'no-imennaya korrelyatsiya gomogennykh

korney v tyurkskikh yazykakh: (yavleniye sinkretizma) [Verbal-nominal correlation of homogeneous roots in Turkic languages: (phenomenon of syncretism)]. – Alma-Ata : Nauka, 1986. – 272s. [in Rus.]

[3] Baskakov N. A. Istoriko-tipologicheskaya morfologiya tyurkskikh yazykov [Historical and typological morphology of the Turkic languages]. – M.: Nauka, 1979. – 274 s. [in Rus.]

[4] Kushchegalinova A.K., Ismagulova B.H. Metatekstovaya funkciya glagolov rechi v hudozhestvennom tekste (na primere kazahstskogo, anglijskogo i russkogo yazykov) [Historical and typological morphology of the Turkic languages] // Vestnik KazUMOiMYA imeni Abylay hana. – 2023. – № 2 (69). – S.121-141. [in Rus.]

[5] Grönbech K. Der türkische Sprachbau. t. 1. – Kopenhagen, 1936. – 182 p.

[6] Ramstedt G. I. Vvedeniye v altayskoye yazykoznaniye: Morfologiya [Introduction to Altaic Linguistics: Morphology]. – M., 1957. – 120 s. [in Rus.]

[7] Benvenist E. Indoyevropeyskoye imennoye slovoobrazovaniye [Indo-European nominal word formation]. – M. : Izd-vo inostrannoy literatury, 1955. – 258 s. [in Rus.]

[8] Ivanova I. P., Chakhoyan L. P. Istoriya angliyskogo yazyka [History of the English language]. – M.: Vysshaya shkola, 1976. – 319 s. [in Rus.]

[9] Arakin V. D. Istoriya angliyskogo yazyka [History of the English language]: ucheb. posobiye. – M.: FIZMATLIT, 2003. – 272 s.

[10] Reznik R. V., Sorokina T. A., Reznik I. V. Istoriya angliyskogo yazyka [History of the English Language.]: uchebnoye posobiye. – M.: Flinta: Nauka, 2003. – 496 s. [in Rus.]

[11] Smirnitkiy A. I. Drevneangliyskiy yazyk [Old English]. – M., 1955. – 318 s. [in Rus.]

[12] Shmal'shtig V. Morfologiya glagola [Verb morphology] // V sb. Novoye v zarubezhnoy lingvistike, № 21. – M.: Progress, 1988. – S. 262-330. [in Rus.]

[13] Sternin I. A. Osnovy teorii yazyka i kommunikatsii. Uchebnoye posobiye [Fundamentals of the theory of language and communication]. – M.: Flinta, 2020. – 149 s. [in Rus.]

[14] Kruchinkina N.D. Leksiko-semanticheskiy i funktsional'no-semanticheskiy potentsial sushchestvitel'nogo [Lexico-semantic and functional-semantic potential of a noun] // Nauchnyy rezul'tat. Voprosy teoreticheskoy i prikladnoy lingvistiki. – 2017. – №3 (13). – S. 22-33. [in Rus.]

[15] Collinder V. Comparative Grammar of the Uralic Languages. – Stockholm: Almqvist and Wiksell, 1960. – 416 p.

ГЛАГОЛЬНО-ИМЕННАЯ ОМОНИМИЯ ОДНОСЛОЖНЫХ КОРНЕЙ ОСНОВ

Аязбаева А. М. ¹, *Алдабердіқызы А. ², Есенова Н. Б. ³, Верба Е. А. ⁴
^{1, *2, 4} Astana IT University, Астана, Казахстан

³ Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, Институт
«Ұстаз», Тараз, Казахстан

Аннотация. В этой статье описаны проблемы глагольно-именной омонимии на материале английского языка. Глагольно-именная омонимия занимает особое место в системе омонимии языка. Соотношение местоимений и глаголов в языках всегда вызывало интерес ученых, поскольку оно напрямую связано с проблемами языковой онтологии. Сложная природа и многообразие разновидностей этого явления позволяют отнести глагольно-именную омонимию корней к одной из важнейших и основных проблем исторической лингвистики. В статье рассматриваются теоретические основы развития индоевропейских языков, в частности английского, и приводятся исследования различных ученых-лингвистов. Поскольку корни слов являются основой для определения того, к какому классу относится слово, это явление представляется возможным изучить более детально в контексте примера односложных слов, которые являются объектом исследования. В данной работе проведен анализ примеров односложных корней основ, рассмотрена история развития этих слов, а также изложены взгляды ученых-лингвистов на возникновение первых именных слов, а затем и глаголов на основе различных языковых систем. В статье также описаны примеры омонимии глагол-местоимение как одного из способов словообразования английского языка, обсуждается необходимость изучения этого вопроса, который ранее не рассматривался в индоевропейских языках.

Ключевые слова: омонимия, английский язык, глагольно-именная омонимия, корень, основа, односложные слова, тюркские языки, индоевропейские языки

VERBAL-NOMINAL HOMONYMY OF ONE ROOT MORPHEME BASES

Ayazbayeva A. M. ¹, *Aldaberdikyzy A. ², Yesenova N. B. ³, Verba Ye. A. ⁴
^{1, *2, 4} Astana IT University, Astana, Kazakhstan

³ M. Dulati Taraz State University, "Ustaz" institute, Taraz, Kazakhstan

Abstract. This article describes the problems of verbal-nominal homonymy on the material of the English language. A special place in the system of homonymy of the language is occupied by verb-nominal homonymy. The problem of the relationship between the name and the verb in languages

has always been of interest of scientists, since it is most directly related to the problems of language ontology. The non-simple and ambiguous nature of this phenomenon makes it possible to attribute the verbal-nominal homonymy of the root-bases to one of the significant and essential problems of historical linguistics. In this regard, the theoretical foundations of the development of Indo-European languages, in particular the English language, are considered, moreover studies of various linguists are given. On the example of monosyllabic words, which are the object of research, this phenomenon can be studied especially well, since the roots of the words are the base that determines the relationship of a given word to a particular part of speech. The analysis of examples of monosyllabic roots of the stems is given, the history of the development of these words is considered, and the points of view of scientists in linguistics about the primacy of the name and the secondary nature of the verb on the material of languages of different systems are given. Further, the article describes examples of verbal-nominal homonymy as a way of word formation in the English language and also raises the question of considering this issue in Indo-European researches, where this problem was practically not studied.

Keywords: homonymy, English, verbal-nominal homonymy, stem, root, monosyllabic words, Turkic languages, Indo-European languages

Мақала түсті: 10 қазан 2023

Авторлар туралы мәлімет:

Аязбаева Әлия Маратқызы – филология ғылымдарының кандидаты , Жалпы білім беру пәндері департаментінің ассистент-профессоры, Астана ІТ Университет, Астана, Қазақстан, e-mail: aliya.ayazbayeva@astanait.edu.kz

Алдабердіқызы Айдын – PhD, Жалпы білім беру пәндері департаментінің ассистент-профессоры, Астана ІТ Университет, Астана, Қазақстан, e-mail: ²a.aldaberdikyzy@astanait.edu.kz

Есенова Нарима Бөрібайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Мектепке дейінгі бастауыш білім беру кафедрасының қауым. профессоры, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, «Ұстаз» институты, Тараз, Қазақстан, e-mail: narimae@mail.ru

Верба Евгения Александровна – Жалпы білім беру пәндері департаментінің оқытушысы, Astana IT University, Астана, Қазақстан, e-mail: y.verba@astanait.edu.kz

Информация об авторах:

Аязбаева Алия Маратовна – кандидат филологических наук, ассистент профессор, Департамент общеобразовательных дисциплин, Astana IT University, Астана, Республика Казахстан, e-mail: aliya.ayazbayeva@astanait.edu.kz

Алдабердикызы Айдын – PhD, ассистент профессор, Департамент общеобразовательных дисциплин, Astana IT University, Астана, Казахстан; e-mail: a.aldaberdikyzy@astanait.edu.kz

Есенова Нарима Бурибаевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, доцент кафедры «Дошкольные и начальное образование», Таразский государственный университет им. М.Х. Дулати, Институт «Ұстаз», Тараз, Казахстан, e-mail: narimae@mail.ru

Верба Евгения Александровна – преподаватель, Департамент общеобразовательных дисциплин, Astana IT University, Астана, Казахстан, e-mail: y.verba@astanait.edu.kz

Information about the authors:

Ayazbayeva Aliya Maratovna – PhD, Assistant Professor, Department of General Education Disciplines, Astana IT University, Астана, Kazakhstan, e-mail: aliya.ayazbayeva@astanait.edu.kz

Aldaberdikyzy Aidyn – PhD, Assistant Professor, Department of General Education Disciplines Astana IT University, Астана, Kazakhstan, a.aldaberdikyzy@astanait.edu.kz

Yesenova Narima Boribayevna – PhD, Associate Professor of Department of Pre-school and Primary school education, M. Dulati Taraz State University, “Ustaz” institute, Taraz, Kazakhstan, e-mail: narimae@mail.ru

Verba Evgeniya Alexandrovna – Teacher, Department of General Education Disciplines, Astana IT University, Астана, Kazakhstan, e-mail: y.verba@astanait.edu.kz